

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік
материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту
және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

14.06.2018 ж.
сағ.11:00

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасы;

Комиссия мүшелері:

Б.К. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы;

Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы;

М. Ж. Әжіғұлова – ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы;

М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы;

А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры;

Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссия хатшысы.

(Қатыспаған: - Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы – еңбек демалысында, 2018 жылғы 24 мамырдағы №25-д бұйрығы.)

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы 12 бабының 4 тармағына және 21 бабына сәйкес, 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесінен №82-№112, №113-№143 лоттарды (2015 жылғы мамырдағы өндірілген ет консервілері) алып тастау сұрақтарын қарастыру.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №650 - №669, №670 лоттар бойынша кесімді бағасын 2014 жылғы 17 қазандағы

0.00x

121 Ш Ш Арсаев

Бекенов

№1108 Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген, Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына (бұдан әрі - Қағида) сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарастырып, нәтижесінде ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ:**

1. Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 21 шілдедегі «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Заңы 12 бабының 4 тармағына және 21 бабына сәйкес, 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтар тізбесінен №82-№112, №113-№143 лоттарды (2015 жылғы мамырдағы өндірілген ет консервілері) алып тасталынсын.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының №650 - №669, №670 лоттары бойынша кесімді бағасын Қағиданың 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендетілсін.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 6 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

Тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) 2018 жылғы 14 маусымдағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 14 маусымдағы сағат 11.05-де аяқталды деп есептелсін.

2.05.18 12:11:11 А.А.А.А.

10.05.18 11:05

Қосымша:

1. 2018 жылғы 14 маусымдағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығаруға жататын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, ___ парақта;

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С. К.

Комиссия мүшелері:

Ахметов Б.К.

Дүйсекенова Д.Н.

Әжіғұлова М. Ж.

Рахаев М.Н.

Бекенов А.С.

Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.